

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** кәсіби білім беру және ғылыми қызметке қабілетті, терең педагогикалық, зерттеушілік, басқарушылық дағдылары қалыптасқан педагогика ғылымының магистрін дайындау.

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	7M01505 – БИОЛОГИЯ
<b>Білім беру саласы</b>	7M01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағыты</b>	7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	M014 Биология педагогтерін даярлау
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	Білім беру бағдарламасы 7M015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берген №KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
<b>БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні</b>	№7M01500059 10.09.2020ж
<b>ҰБТ пәндері</b>	-
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	Магистратура, деңгей 7
<b>Берілетін дәреже</b>	7M01505«Биология»білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
<b>Білім беру бағдарламасын аккредиттеу</b>	АРТА –2 орын 2016 жыл, 3 орын 2017 жыл
<b>Білім беру бағдарламасының рейтингі</b>	<i>Атамекен:</i> 2021 ж. – 47 – нің ішінен 10 орын; 2022 ж. – 45-тің ішінен 8 орын; <i>АРТА:</i> 3 орын
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	120
<b>Оқу мерзімі</b>	2 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.



### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### **1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ**

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарының алдында кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті және құзыреттілігі жоғары тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтардың кәсіби даярлығы педагогикалық ғылымдар саласындағы негізгі құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған. Біздің елімізде жоғары және орта білім беру мекемелерінде биология пәнінің оқытушысы ретінде және ғылыми-зерттеу институттарында, білім департаменттерінде жұмыс істеу негіздерін білетін жаратылыстану саласындағы мамандарды практика жүзінде даярлау қажеттілігі өзекті болып саналады.

Білім беру бағдарламасы биологиялық білім беруді терең меңгерген, заманауи биологияның бағыттарын білетін және қалыптасқан құзыреттіліктерді ғылыми-педагогикалық салада қолдана

алатын жоғары білікті кадрларды даярлауға арналған. Білім беру бағдарламасының негізі – ғылыми жобалар мен зерттеулерге сараптама жүргізе алатын, оқытушылық, зерттеу, ұйымдастыру-технологиялық, өндірістік-басқару, тәрбие, мәдени-ағартушылық жұмыстарды орындауға қабілетті педагог кадрларды даярлаудан тұрады.

#### ***Нарықтың қажеттілігі.***

Қазақстан Республикасы мектептеріндегі мұғалімдердің сапалық және сандық құрамы 296 960 құрайды, оның ішінде 269 568 жоғары білімді, оның ішінде 10 225 (3,5%) жас мұғалімдер. Елімізде Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы күндізгі жалпы орта білім беретін мектептерде 9648 биология пәнінің мұғалімдері жұмыс істейді, олардың көпшілігі ОҚО-да 1928 және Алматы облысында 1183 сағатты құрайды. Маңғыстау (312 сағат), Атырау (356 сағат) облыстарының ауылдық округтерінде биологтардың ең аз қамтамасыз етілуі байқалады. Мұғалімдердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі 53,5% жоспармен 54,5% құрайды. ХМБ қарамағындағы күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің оқытушылық құрамына қажеттілік 4952 адамды құрайды, оның ішінде 129 биологтар.

[http://iac.kz/sites/default/files/nacionalnyy\\_sbornik\\_2017-2018.pdf](http://iac.kz/sites/default/files/nacionalnyy_sbornik_2017-2018.pdf)

Сонымен қатар 2019-2020 жылдар аралығында орта мектептердің жаратылыстану циклі пәндерін ағылшын тілінде оқытуға байланысты биологиядан педагог кадрларға қажеттілік



15773 адамды құрады. <https://www.zakon.kz/4891274-trehyazychnoe-obuchenie-v-kazahstane.html>

**Білім беру бағдарламасы төмендегі құжаттардың негізінде әзірленді:**

- 1) «Педагог» кәсібистандарты (Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген);
- 2) Білім беру саласындағы Салалық біліктілік шеңбері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген).

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** кәсіби білім беру және ғылыми қызметке қабілетті, терең педагогикалық, зерттеушілік, басқарушылық дағдылары қалыптасқан педагогика ғылымының магистрін дайындау.

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1. Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті (MVSU, АҚШ). 2. Нийде Омер Халисдемир университеті, Түркия
Қосдипломды бағдарлама	-

#### Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті -37%,  
А.И. Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті-33%  
Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті - 31%  
АҚШ Род-Айленд университеті-44%,  
Беларусь мемлекеттік университеті-50%,  
Люксембург университеті – 37%

#### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

жалпы білім беретін және мамандандырылған орта мектептер, лицейлер, колледждер, гимназиялар, мектепке дейінгі мекемелер, оқу баспалары, білім департаменттері, мамандардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар; ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар; орта кәсіптік білім беруді ұйымдастыру; білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар.

#### 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

##### 1 кәсіби құзыреттілік саласы

- білім саласында (орта мектепте, лицейде, гимназияда, колледжде, жоғары оқу орнында биология мұғалімі);

##### 2 кәсіби құзыреттілік саласы

-түрлі деңгейдегі мемлекеттік мекемелердегі өндірістік және басқару қызметі (білім бөлімі, әкімшілік, бау-бақша ұйымдары, экология);



### 3 кәсіби құзыреттілік саласы

- зерттеу саласы (бейінді зерттеу ұйымдары: ботаника, зоология, адам анатомиясы, физиология, экология, генетика, молекулалық биология, биотехнология және т.б.) жас натуралистер станциясы, ұлттық парктер, қорықтар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары кәсіптік білімді талап ететін басқа да салалар.

#### 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1** - Магистранттар өздерін жаһандық азаматтар және цифрлық қоғамның жауапты мүшелері ретінде таниды, цифрлық ақпарат пен технологияларды қауіпсіз пайдалануға, этикалық және құқықтық стандарттарды сақтауға ықпал етеді.

**ОН 2** - Магистранттар өзін-өзі реттеу қағидаларын пайдаланады, өмірдің барлық жағдайына төзімді, белсенді өмір салтын ұстанады, жаңа білімге деген ашықтығын көрсетеді, ақпаратты алу және талдау үшін зерттеулік қызығушылық танытады.

**ОН 3** - Магистранттар әртүрлі қауымдастықтарда 3 тілде де жеңіл байланыс орната алады, идеяларды тиімді жеткізу дағдыларын меңгерген, топты басқара да және оның бір бөлігі де бола алады, инклюзивті орта құра алады, жаңа білімге бейімді және ашық.

**ОН 4** – заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып биохимияны, микробиологияны дамыту саласындағы қолданбалы зерттеулер мен теориялық негіздерін анықтайды

**ОН 5** – биология және жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту саласындағы инновациялық технологияларды, әдістер мен құралдарды, принциптер мен заңдылықтарды бейімдейді

**ОН 6** – ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып, тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау арқылы методологиялық жетістіктер мен биологияның өзекті мәселелерін жобалайды

**ОН 7** –дәрілік және мәдени өсімдіктер, балдырлардың биологиялық ерекшеліктерін, топтастырылуын, заңдылықтарын, басқарудың және тиімді пайдаланудың әдістерін зерттейді

**ОН 8** – жануарлар мен өсімдіктердің таксаномиялық әртүрлілігін, биоэнергетиканың және әлемдік кеңістіктегі экологиялық апаттардың өзара ықпал ету процесін санаттандырады

**ОН 9** -эволюциялық үдерістегі нерв жүйесінің физиологиясы мен анатомиясын және адам эволюциясының мәселелерін, қоршаған ортамен өзара әрекеттесуді көрсететін биологиялық білімнің негізгі ұғымдарын бағалайды

**ОН10-** биологиялық катализаторлар, прокариоттар мен эукариоттар гені және тірі ағзалар арасындағы өзара әрекеттесу, гомологияның негізгі белгілерінің эволюциясы туралы түсінік қалыптастырады.

#### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
ТА1	+			+	+		+		+	+
ТА2	+	+				+		+		
ТА3		+	+		+		+		+	+
ТА4						+		+		
ТА5	+		+	+			+	+	+	
ТА6			+	+	+	+				+



#### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2) «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.